

Техникалық регламенттерді әзірлеу жөніндегі жоспарды бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 29 желтоқсандағы № 2243 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 қаңтардағы № 29 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 30.01.2017 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Техникалық регламенттерді әзірлеу жөніндегі жоспар (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Техникалық регламенттерді әзірлеу жөніндегі жұмыстарды үйлестіру және осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне жүктелсін.

3. Жоспарда көзделген техникалық регламенттерді әзірлеуші мемлекеттік органдар Жоспарда айқындалған айдың 25-күнінен кешіктірмей техникалық регламенттерді Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне және Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынсын.

4. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "2007 - 2009 жылдарға арналған техникалық регламенттерді әзірлеу жөніндегі жоспарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 4 мамырдағы № 361 қаулысы;

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 4 мамырдағы № 361 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 22 желтоқсандағы № 1194 қаулысы;

3) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 4 мамырдағы № 361 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 22 маусымдағы № 960 қаулысы.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

Техникалық регламенттерді әзірлеу жөніндегі жоспар

Ескерту. Жоспарға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.09.13 N 932 (2011.03.28 бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.11.17 N 1202 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

Р/ с №	Техникалық регламент атауы	Мемлекеттік әзірлеуші орган	Ұсыну мерзімі	
			Техникалық реттеу саласындағы уәкілетті орган	Қазақстан Республика сының Үкіметі
1	2	3	4	5
1.	Бензин, дизель отыны және мазут қауіпсіздігіне қойылатын талаптар	ЭМРМ	2009 жылғы желтоқсан	2010 жылғы қаңтар
2.	Жанғыш, уытты, сұйылтылған газ құбыржолдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар	ТЖМ (жинақтау), ЭМРМ	2009 жылғы желтоқсан	2010 жылғы қаңтар
3.	Лифттердің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар	ТЖМ (жинақтау), ИСМ	2009 жылғы желтоқсан	2010 жылғы қаңтар
4.	Тыңайтқыштардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар	АШМ (жинақтау), ДСМ, Қоршаған-ортамині, ИСМ	2010 жылғы қаңтар	2010 жылғы наурыз
5.	Ауыл шаруашылығы шикізатын өңдеуге арналған жабдықтар қауіпсіздігіне қойылатын талаптар. Өсімдік шаруашылығы өнімі	АШМ (жинақтау), ИСМ, ТЖМ	2010 жылғы қаңтар	2010 жылғы наурыз
6.	Ауыл шаруашылығы шикізатын өңдеуге арналған жабдықтар қауіпсіздігіне қойылатын талаптар. Мал шаруашылығы өнімі	АШМ (жинақтау), ИСМ	2010 жылғы қаңтар	2010 жылғы наурыз
7.	Жедел іздестіру іс-шараларын жүргізу кезіндегі қауіпсіздіктің жалпы талаптары, телекоммуникациялық жабдыққа қойылатын функционалдық және техникалық талаптар	ҰҚК (келісім бойынша)	2010 жылғы қаңтар	2010 жылғы наурыз
8.	Ядролық және радиациялық қауіпсіздік	ЭМРМ	2010 жылғы ақпан	2010 жылғы сәуір
9.	Атом станцияларының ядролық және радиациялық қауіпсіздігі	ЭМРМ	2010 жылғы ақпан	2010 жылғы сәуір
10.	Ядролық зерттеу қондырғыларының ядролық және радиациялық қауіпсіздігі	ЭМРМ	2010 жылғы ақпан	2010 жылғы сәуір

11	Мұнай-газ кәсіпшілігі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықтар қауіпсіздігіне қойылатын талаптар	ЭМРМ (жинақтау), ТЖМ	2010 жылғы ақпан	2010 жылғы сәуір
12	Автомобиль көлік құралдарына арналған майлар мен арнайы сұйықтықтардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар	ЭМРМ (жинақтау), ККМ	2010 жылғы ақпан	2010 жылғы сәуір
13	Бензиндерге арналған телімдер қауіпсіздігіне қойылатын талаптар	ЭМРМ	2010 жылғы ақпан	2010 жылғы сәуір
14	Көмір және оны өндірудің, қайта өңдеудің, сақтаудың және тасымалдаудың өндірістік үдерістерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар	ЭМРМ (жинақтау), Т Ж М , Қоршаған ортаның қорғауы, ДСМ, ККМ	2010 жылғы ақпан	2010 жылғы сәуір
15	Электромагниттік сыйымдылық	АБА	2010 жылғы наурыз	2010 жылғы мамыр
16	Қозғалыс дабылының, бөгеуінің, байланысының және оны ақпараттандырудың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар	ККМ	2010 жылғы наурыз	2010 жылғы мамыр
17	Темір жол көлігімен жолаушыларды, қол жүгін, жүктерді, жүк-багажды және почта жөнелтілімдерін тасымалдау қауіпсіздігіне қойылатын талаптар	ККМ (жинақтау), АБА	2010 жылғы наурыз	2010 жылғы мамыр
18	Темір жол көлігінің және оған байланысты инфрақұрылымның қауіпсіздігіне қойылатын талаптар	ККМ	2010 жылғы наурыз	2010 жылғы мамыр
19	Дәрілік құралдар қауіпсіздігіне қойылатын талаптар	ДСМ	2010 жылғы сәуір	2010 жылғы маусым
20	Қанның және гемотрансфузиондық терапияда пайдаланылатын оның компоненттерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар	ДСМ	2010 жылғы сәуір	2010 жылғы маусым
21	Мүгедектерді сауықтырудың техникалық құралдарына қойылатын талаптар	ДСМ	2010 жылғы сәуір	2010 жылғы маусым
22	Медициналық техниканың және медициналық мақсаттағы бұйымдардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар	ДСМ	2010 жылғы сәуір	2010 жылғы маусым
23	Имплантаттардың биологиялық қауіпсіздігіне қойылатын талаптар	ДСМ	2010 жылғы сәуір	2010 жылғы шілде
24	Балалар мен жасөспірімдерге арналған тамақ өнімінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар	ДСМ (жинақтау), АШМ	2010 жылғы мамыр	2010 жылғы шілде
25	Гендік түрлендірілген (трансгендік) өсімдіктер мен жануарлардан алынған тамақ өнімдерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар	ДСМ (жинақтау), АШМ	2010 жылғы мамыр	2010 жылғы шілде
26	Темекінің және темекі бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар	ДСМ	2010 жылғы мамыр	2010 жылғы шілде

27	Консервілер, пресервілер қауіпсіздігіне қойылатын талаптар	АШМ (жинақтау), ДСМ	2010 жылғы мамыр	2010 жылғы шілде
28	Алкоголь өнімдерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар	ДСМ (жинақтау), АШМ	2010 жылғы мамыр	2010 жылғы тамыз
29	Электролиз әдісімен алюминий өндіру кезінде қоршаған ортаға шығарылатын эмиссияларға қойылатын талаптар	Қоршағанортамині (жинақтау), ИСМ	2010 жылғы мамыр	2010 жылғы тамыз
30	Уытты және уыттылығы жоғары заттардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар	ИСМ (жинақтау), Қоршағанортамині	2010 жылғы маусым	2010 жылғы қыркүйек
31	Жұмыртқа және жұмыртқа өнімдерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар	АШМ (жинақтау), ДСМ	2010 жылғы маусым	2010 жылғы қыркүйек
32	Бал және омарта шаруашылығы өнімдерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар	АШМ (жинақтау), ДСМ	2010 жылғы маусым	2010 жылғы қыркүйек
33	Биоэтанолдың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар	АШМ	2010 жылғы тамыз	2010 жылғы желтоқсан
34	Биодизельдің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар	АШМ	2010 жылғы тамыз	2010 жылғы желтоқсан
35	Сәйкестікті растау саласындағы модульдік тәсіл	ИСМ	2010 жылғы тамыз	2010 жылғы желтоқсан
35-1	Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар	ҚТКШПА	2010 жылғы қазан	2010 жылғы қараша
36	Темір жол станцияларын, вокзалдарды және басқа да инженерлік құрылыстардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар	ККМ	2011 жылғы наурыз	2011 жылғы маусым
37	Теңіз қалқыма бұрғылау қондырғылары мен оларға орнатылған қондырғылардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар	ККМ	2011 жылғы наурыз	2011 жылғы маусым
38	Теңіз және өзен порттары мен оларға байланысты инфрақұрылымның қауіпсіздігіне қойылатын талаптар	ККМ	2011 жылғы сәуір	2011 жылғы шілде
39	Ішкі су жолы кемелерінің және өзен-теңіз жолы кемелерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар	ККМ	2011 жылғы сәуір	2011 жылғы шілде
40	Теңіз кемелері мен оларға орнатылған жабдықтардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар	ККМ	2011 жылғы мамыр	2011 жылғы тамыз
41	Авиациялық техника қауіпсіздігіне қойылатын талаптар	ККМ	2011 жылғы мамыр	2011 жылғы тамыз

42	Магистралды мұнай құбырлары қауіпсіздігіне қойылатын талаптар	ЭМРМ	2011 жылғы маусым	2011 жылғы қыркүйек
43	Су астындағы құбырлар мен кәбілдер қауіпсіздігіне қойылатын талаптар	ЭМРМ	2011 жылғы маусым	2011 жылғы қыркүйек

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі

Қоршаған орта министрі - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі

ІІМ - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі

ТЖМ - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі

ЭМРМ - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

АБА - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі

ҰҚК - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті